

ӘӨЖ 304.44

ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ӘСЕРІ

Нажімова Айгуль Абзалқызы

nazhimova12@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Мәдениеттану мамандығының 2-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Ч. Рамазанова

Адамзат баласы қай заманда болмасын өзге тіршілік иелеріне гуманды түрде қолынан келгенінше көмек көрсетуге тырысқан. Жасалған қызметі үшін ақы сұрамай, тегін түрде жәрдем етіп еріктілікпен айналысқандығын тарих беттерінен айқын көруге болады. Қоғам үшін қызмет көрсететін осындай жандардың арқасында волонтер немесе қазақша айтқанда еріктілер пайда бола бастады. Волонтерлік іс (лат. тілінен voluntarius — ерікті) – әр түрлі қызметтер секторын қамтитын өзге адамдарға деген гуманитарлық көмектің түрі. Олар ақысыз, ерікті қоғамдық жұмыс атқаратындарға жатады. Қазіргі таңда еріктілерді қолдау мақсатында оларға ақылы түрде жалақы төлеу қолға алынған, алайда олардың алған қаражат сомасы атқарған еңбек дәрежесіне қарағанда аз болады. Себебі бұл адамдардың ерікті қызметі, ал ақшалай көмек оларға қолдау көрсету мақсатында.

Волонтерлік қызметтер жасқа, жынысқа, белгілі ұлттық бөліністерге тіпті саяси байланыстарға да қарамайды. Көптеген коммерциялық емес ұйымдардың трансұлттық еріктілер ұйымдарымен желілілері жылына әлемнің түпкір-түпкіріннен адамдар жинайды. Бұндай волонтерлік әрекеттер әлеуетке белгілі бір дәрежеде көмек пен өзгерістер алып келуде.

2001 жылдың қаңтар айында қабылданған Бүкіл әлемдік еріктілер декларациясында еріктілік – азаматтық қоғамның іргетасы, ол әлемге тыныштық, бостандық, бейбітшілік пен әділдік алып келеді деп көрсетілген. Сонымен қатар, еріктілік – адам баласының өзіндік

потенциалын түсіну арқылы тұлғалардың құндылықтарын сақтау мен дамыту, құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру, өзін жеке дамытудың жолы деп атап өтілді.

Еріктілер өздерінің қызметтерін әлеуметтік, экономикалық, мәдени және экологиялық дамудың құралы ретінде қарастырады. Декларацияды волонтерлік қызметтер жеке тұлғанының өзіндік көзқарасы мен позициясын көрсететін ерікті таңдау екендігі ерекше атап көрсетілген.

Өткен заманда, әртүрлі мәдениеттерде «жақсылық» ұғымына өзгеше анықтамлар берген. Алайда қанша уақыт өтсе де, бұл сөздің түпкі мағынасы өзгермеді: жақсылық барлық қоғамға пайдалы, адамдардың моралдық құндылықтары. Ерте кездерге діннің арқасында, мысалға алар болсақ мешіт, шіркеулердің көмегімен жағдайы төмен отбасыларға көмек беру, сауатсыздарды білімге үйрету секілді қызметтер болған еді. Қазақ халқында да «жетімін жылатпаған, жесірін жылатпаған» халық болаған, ұлтымыздың тарихына көз салар болсақ «асар» деп аталатын дәстүр түрі болған. Кейбір жағдайларда асарды «үме» деп те атаған. Ол туралы қазақтың көне тарихында былай делінеді: «Қазақ арасында ерте заманнан келе жатқан салттардың бірі – «үме» яки «асар салу» деп аталады. Бұл салт бойынша, көпшілік күш біріктіріп, бір-бірінің жұмысына қолқабыс көрсетеді. Қауырт күш жұмсауды талап ететін жұмыс кезінде, мысалы: қой тоғыту, қой қырку, жүн сабап, киіз басу, үй көтеру, жылқы күзеп, тай таңбалау, піпе, бие байлау, соғым сою, егін ору, шөп шабу және жинау, үй-жай, қора салу, той жасау, ас беру, өлім ұзату сияқты істерді істесіп келеді. Үй қожасы осы көмекке келіп, қолқабыс істегендерді тамақпен сыйлайды, асар салғанда көбінесе мал сойылады, бірақ қолқабыс істеушілер істеген жұмысына ақы алмайды.» Уақыт өте келе көрсетілер көмек түрлері де ауқымдала түсті. Сөйтіп қазір еріктілер тек бір ауыл дәрежесінде емес қала, мемлекет, әлем дәрежесінде қызмет атқара алады.

Еріктілік қызметпен айналысуға тұлға бойында әр түрлі мотивтер болады:

- Жеке потенциалды көрсету және одан әрі дамыту;
- Волонтерлер бойындағы әлеуметтік маңыздылық сезімі;
- Әлеуметтік ортаның әсері;
- Волонтерлардың өзін-өзі көрсете алуы;
- Пайдалы әлеуметтік практикалық тәжірибе алу мүмкіндігі;
- Көшбасшылық қасиеттерді дамыту мүмкіндігі;
- Әлеуметтік және дін парыздарды орындау.

Волонтерлік қызметтер өз бастауларын ерте замандардан алады және осы арадағы діни институттардың әсерін жоғарыда атап өткен едік. Алайда XIX ғасырда діни қызметтер жалпы қоғамдық қызметтерге ауысты. Бұл жағдайға байланысты атақты жазушы Джон Голсуорсидің романының кейіпкерін осындай сұрақ мазалайды: «Қызық, дінді өлді десе де болады, себебі қазір адамдар екінші өмірге сенбейді. Алайда оның орнын басушы дереу арада табылды – құмырсқа мен аралардың символы – әлеуметтік қызмет көрсету. Бұған дейін ондай жұмыстармен өзіндік дәрежесін сақтауға тырысатын жасы үлкен отбасылар айналысатын, ал қазіргі қоғам бұл қызметтермен айналыса ала ма?».

Тарихтан білетіміздей, адамдар өмірлерін қорғау үшін бірлесіп аңшылықпен айналысты, бір үңгірлерде тұрып, бірге тамақтанған еді. Мүмкін 19 ғасырдағы индустриализация, ақшаның құнының өсуі мен урбандалу осындай бір-біріне деген көмек пен бірлесіп өмір сүру секілді құндылықтарының жібін үзген шығар.

1920 жылы бұл құндылықтар қайта пайда болды, ол жеккөрушілікке қарсы дәру ретінде Бірінші Дүние Жүзілік соғыста пайда болды. Сол жазда Австрия, Англия, Германия және Швециядан волонтерлар, соның ішінде бұрынғы сарбаздар, Вердуна жанындағы ауылды қайта қалпына келтіру мақсатында жиналды, ол ауыл миллиондаған адам өмірін қиған соғыс зардабынан қираған болатын. Міне осыдан кейін адамзат тарихында халықаралық волонтер лагерінде алғашқы волонтерлік қозғалыс пайда болды, ол қазіргі күнге қызмет етуде. Ол французша атауға ие Service Civil International (Халықаралық Азаматтық Көмек), қысқаша S.C.I. Волонтерлік көмек тез таралды, 1920-30 жылдары S.C.I. жалғастырушылары көбейді. Сол уақытта мұндай ұйымдар түрлі еуропалық елдер жастарының достық қарымқатынас

құру тәсілі ретінде бағаланды. 1929 жылғы қатаң экономикалық кризис кезінде АҚШтан бастап Болгарияға дейінгі елдер волонтерлік жұмыстарын жұмыссыз жастарды бос жүргізбей әлеуметтік қажет іспен айналыстырып, тегін тамақ пен төсек орынмен қамтамасыз етілуі үшін ұйымдастырды.

Өкінішке орай, бұл халықаралық ұйымдардың идеялары неміс жұмысшы бригадасы Hitlerjugend Arbeitsdienst және өзге тоталитарлық елдердегі ұйым әсерлерінен бұрмаланушылыққа ұшырады және өзге ағымға бұрылды.

1934 жылы S.C.I. төрт еуропалық волонтерді Үндістандағы кедейлерге көмек беруге жіберді. Бұл команда British Volunteer Programme, US Peace Corps, Deutsche Entwicklungsdienst секілді ұйымдардың және өзге топтардың бастамашысы болды. Екінші Дүние Жүзілік соғыстан кейін жас волонтерлер Еуропаның қайта қалпына келтіруіне қатысты. Олар мынадай жобаларда жұмыс жасады: Варшава орталығын соғу, Батыс Еуропадағы қираған қалаларды қайта қалпына келтіру, Югославиядағы Bratsvo-Edinstvo көлік магистралін құру. Осылайша волонтерлік қозғалыс халықтар арасында достық қарым-қатынас орнауына өз септігін тигізді.

Қырғи-қабақ соғыс кезінде жүрек пен адам санасының «мұздау» қаупі туды. Адамдардың волонтер көмегіне суынуы және волонтерлік бәсекелестіктің мықты құрал болу қауіптері төнді. Алайда, 1948 жылы құрылған ЮНЕСКО-ның және Халықаралық Волонтерлік Ұйымның Координациялық Комитетінің арқасында шығыс және батыстағы волонтерлік ұйымдар жұмыстары тоқтап қалмады. 1960 жылдары американдықтар халықаралық СССР, ГДР және Венгриядағы волонтерлік жұмыс лагерлерінде болды, онда нағыз адам алмасу болды, нағыз достық пайда бола бастады. Шығыс волонтерлері де батысқа жолданды. Азия, Африка және Латын Америкасындағы волонтерлік қозғалыстар құлдықтан құтылғаннан соң пайда болды.

1960 жылдары дамушы елдерге көпжылдық көмек көрсету бағдарламасы бастау алды. Сол кезде олардың деполитизация үндеуі басталды. Себебі волонтерлерді Қырғи-қабақ соғыста әскер ретінде пайдалануды тоқтату мақсатында, БҰҰ волонтерлер корпусын тағайындады. 1950 жылдарда ЮНЕСКО-дан жергілікті жерлерде АҚШтан, Иорданиядан келген кішігірім волонтерлер тобы жұмыс жасады. Оның мақсаты араб елдерінде және Латын Америкасында сауаттылықты ашу. 1970 жылы БҰҰ-ның Волонтерлік бағдарламасы жасалды. Волонтерлік іс ол көп ұлтты құбылыс. Жапония, АҚШ, Канада, Австралия, Англия, Италия және өзге дамыған елдердің пайымдауынша, ерікті іс-әрекет демократия принциптерінің қолдауы мен жеңілдетуіндегі негізгі рөл атқарушылардың бірі ретінде түсіндіреді. Ең алдымен, шешім қабылдау процесінде көпшілік азаматтарды тартады. Елдердің үкіметтері ерікті қозғалысқа жан-жақты көмек көрсетеді, түрлі заңдар шығарылады, ерікті қозғалыс бағдарламаларын қабылдайды. Осылайша, Жапонияда еріктілер орталықтарының жүйесі бар, оған жалпыұлттық, префрактуралды және муниципалды орталықтар кірді. Жапония Министрлігінің негізгі міндеті волонтерлік жұмыспен айналысуды жүзеге асыру.

Осы уақытта Қызыл ай әлемдік комитеті құрылды. Бүкіл әлемге ол қолында билігі немесе қоғамда айрықша орынды иеленбесе де, халыққа көрсеткен көмегінің арқасында қайсарлықтың символына айналды.

XX ғасырда еріктілер қызметі азаматтық қоғамының дамуындағы феноменге айналды.

5 желтоқсан күні атап өткізілетін Жалпыұлттық еріктілер күні 1985 жылы 17 желтоқсан күні БҰҰ шешімімен қабылданған болатын. «БҰҰ еріктілері» бағдарламасы барлық қатысушы мемлекеттерге дайындық барысы жайлы хаттар жолдап, өзіндік нұсқауларын жібереді. Жалпыұлттық еріктілер күнін өткізуге басты назар жас еріктілерге қолдау көрсету; олардың экономика мен әлеуметтік өмірге әкеліп жатырған тың өзгерістеріне жаңа бастамалар беру болып табылады.

Волонтерлік жайлы заң қабылданған бірінші мемлекет – Италия. «Волонтерлік туралы негізгі міндеттемелер» өз күшіне 1991 жылы енген болатын. Еуропалық мемлекеттерде еріктілерге жасалатын жағдайлар посткеңестік мемлекеттермен салыстырғанда өзгеше.

Себебі Германия, АҚШ, Канада сынды мемлекеттерде ол белгілі бір жүйе ретінде қалыптасқан. Мысал келтірер болсақ, волонтерлерге салықтық жеңілдіктер, сақтандыру, жалақысынан айырылған жағдайда мемлекет тарапынан көмектер көрсетіледі. Ең бастысы, түйіндемеде волонтерлік қызметтері жайлы көрсетіледі. Бұл ақпарат адамның тұлғалық және мәдени келбетінің бейнесін қалыптастыруда өте маңызды болып саналады.

Қазақстандық жастарды еріктілер қатарына қосып, олардың санын арттыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ол үшін оларды ерікті болуға не итермелейтінін анықтау қажет. Маслоу иерархиясында өзін-өзін іске асыру немесе дәлелдеу секілді факторға назар аудару керек. Ол адамдардың бойындағы өз жасаған жұмысына ақы сұрамайтын альтруисттік әрекеттерді қалыптастырады. Ал осы қасиеттердің нағыз көрініс табатын жері – волонтерлік ұйымдарда.

Ерікті жастарды қолдау үшін елімізде көптеген жұмыстар бастау алып келеді. Оның қатарына Президент жарлығымен 2020 жылдың «Еріктілер жылы» ретінде аталуы. Бұл тұрғыда студенттер мен жастардың еріктілік іске баулу бойынша шаралар да ұйымдастырылуыда.

Қазақстанда волонтерлік 1991 жылы БҰҰ Еріктілер қозғалысы бағдарламасының ашылуымен басталды және осы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының еріктілер қозғалысы қарарына қаржылай демеуші болды. Ең алғашқы ҰЕҰ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін құрылды, солар алғашқы болып қоғамдағы волонтерлік идеяны көмектің жаңа формасы ретінде, қоғамдық өмірде азаматтық қоғамның араласуы және одақ мәселелерін сол одақпен шешу ретінде таратты.

Қазіргі уақытта да волонтерлік сферасы көптеген жетістіктерге жеткеніне қарамай, ол пайда болу кезеңінде, өзіне қызығушылық танытқан барлық мүдделі жақтардың көңіл бөлуін қажетсінеді: ҰЕҰ және халықаралық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер және бизнес құрылымдар. 2006 жылы 25 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстандағы азаматтық қоғам 2006-2011 жылдарға арналған дамуының концепциясына» қол қойды. Бұл концепция азаматтық қоғамның ұйымдасуы мен дамуын түрлі коммерциялық емес ұйымдардың ашылумен, мысалға ҰЕҰ секілді ерікті әлеуметті белсенді халықты тартуын қолдайды. Концепцияда азаматтық қоғам дамуының маңыздылығы көрсетілген. «Волонтер» немесе «ерікті» сөздері концепцияда көрсетілмеген, тек ортақ бағыт қана берілген, ол «Елімізде азаматтық қоғамның дамуының жоғарғы сатысы ретінде волонтерлік институттың дамуын алу».

Еріктілер – демократиялық елдердегі ең үлкен жұмыс күштері саналады. Соңғы уақытта Қазақстанда көптеген еріктілер ұйымдары құрылды. Алайда көпшілігі тек қағаз жүзінде жұмыс жасайды. Әзірше әлеуметтік жобалар бойынша жұмыс жасайтын бұл ұйымдарды білім, экология немесе мемлекеттік органдар ұйымдастыратын шаралар толғандырмайды. Сонымен қатар, Қазақстанда Ұлттық волонтерлік желісі жұмыс жасайды, оның құрылған уақыты: 2010 жыл 30 сәуір. БҰҰ Еріктілер Бағдарламасы және Қазақстанның Азаматтық Альянсының жобасы да бар. Волонтерлік ұйымдарды, волонтерлермен жұмыс жасайтын ҰЕҰ-ларды, сондай-ақ, волонтерліктің дамуына қызығушылық білдіретін жеке тұлғаларды біріктіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Решетникова О.В. Концепция социального служения в современном обществе. Мультимедийное учебное пособие. / под ред. прот. В. Хулапа, И.В. Астэр - СПб: СПбГИПСР, 2014.
2. Локтионова Т.А. История возникновения и становления волонтерства в России // Молодой ученый.- 2012.- №8.- С.267-269. - URL <https://moluch.ru/archive/43/5210/>
3. Ж.А. Нурбекова, Ж.У. Айдаркулова[Электронды ресурс] Қазақстандағы волонтерлік мәселесі. -2011 ж.- URL <https://articlekz.com/kk/article/17564>

4. Всеобщая Декларация Добровольчества [Электронды ресурс] <http://www.kdobru.ru/materials/B0.pdf>